

Еуразиялық экономикалық одақтың "Құс етінің және оның қайта өңделген өнімдерінің қауіпсіздігі туралы" (ЕАЭО ТР 051/2021) техникалық регламентінің талаптарына сәйкестігін міндетті бағалауға жататын өнімнің, оған қатысты кедендік рәсімдерге орналастыру кезінде техникалық реттеу шараларының сақталуы расталатын тізбесі туралы

Еуразиялық экономикалық комиссия Алқасының 2024 жылғы 23 желтоқсандағы № 146 шешімі

Еуразиялық экономикалық одақ шеңберіндегі техникалық реттеу туралы хаттаманың (Еуразиялық экономикалық одақ туралы 2014 жылғы 29 мамырдағы шартқа № 9 қосымша) 8-тармағына және Жоғары Еуразиялық экономикалық кеңестің 2014 жылғы 23 желтоқсандағы № 98 шешімімен бекітілген Еуразиялық экономикалық комиссиясы жұмысының регламентіне тіркелген № 2 қосымшаның 8-тармағына сәйкес, Еуразиялық экономикалық комиссиясы кеңесінің 2021 жылғы 12 қарашадағы № 130 шешімімен бекітілген Еуразиялық экономикалық одақтың кедендік аумағында сәйкестігін міндетті бағалауға жататын өнімді Еуразиялық экономикалық одақтың кедендік аумағына әкелу тәртібінің 2-тармағының "а"-тармақшасын іске асыру мақсатында, Еуразиялық экономикалық комиссиясының алқасы **шешті**:

1. Қоса беріліп отырған Еуразиялық экономикалық одақтың "Құс етінің және оның қайта өңделген өнімдерінің қауіпсіздігі туралы" (ЕАЭО ТР 051/2021) техникалық регламентінің талаптарына сәйкестігін міндетті бағалауға жататын өнімнің, оған қатысты кедендік рәсімдерге орналастырылған кезде техникалық реттеу шараларының сақталуы расталатын тізбесі (бұдан әрі – тізбе) бекітілсін.

2. Тізбе Еуразиялық экономикалық одақтың өзіне қатысты техникалық реттеу шараларының сақталуын растау тиісінше Кеден одағы Комиссиясының 2010 жылғы 28 мамырдағы № 299 шешіміне және Кеден одағы комиссиясының 2010 жылғы 18 маусымдағы № 317 шешіміне сәйкес жүзеге асырылатынын ескере отырып, өзіне қатысты "Құс етінің және оның қайта өңделген өнімдерінің қауіпсіздігі туралы" (ЕАЭО ТР 051/2021) техникалық регламентінде мемлекеттік тіркеу немесе ветеринариялық-санитариялық сараптама нысанында сәйкестікке бағалау жүргізу көзделген әкелінетін (әкелінген) өнімге қатысты декларациялау нысанында сәйкестікті бағалауды жүргізу көзделген әкелінетін (әкелінген) өнім үшін ғана қолданылады деп белгіленсін.

3. Тізбеге енгізілген және бір мезгілде ветеринариялық бақылауға (қадағалауға) жататын өнімге Еуразиялық экономикалық одақтың кедендік аумағына әкелу кезінде Кеден одағы Комиссиясының 2010 жылғы 18 маусымдағы № 317 шешімімен бекітілген

ветеринариялық бақылауға (қадағалауға) жататын тауарларға қойылатын бірыңғай ветеринариялық (ветеринариялық-санитариялық) талаптарға сәйкес реттеу шаралары қолданылады.

4. Осы шешім ресми жарияланған күнінен бастап 30 күнтізбелік күн өткен соң күшіне енеді.

Еуразиялық экономикалық комиссиясы
алқасының төрағасы

Б. Сағынтаев
Еуразиялық экономикалық
комиссиясы алқасының
2024 жылғы 23 желтоқсандағы
№ 146 шешімімен
БЕКІТІЛГЕН

Еуразиялық экономикалық одақтың "Құс етінің және оның қайта өңделген өнімдерінің қауіпсіздігі туралы" (ЕАЭО ТР 051/2021) техникалық регламентінің талаптарына сәйкестігін міндетті бағалауға жататын, оған қатысты кедендік рәсімдерге орналастыру кезінде техникалық реттеу шараларының сақталуы расталатын өнімнің ТІЗБЕСІ

Өнімнің атауы	ЕАЭО СЭҚ ТН коды	Сәйкестікті бағалау туралы құжат	Ескертпе
1	2	3	4
1. Шикі құс майын қайта өңдеу өнімдері, оның ішінде құстың тағамдық тоң майы	0209 90 000 0 1501 90 000 0	сәйкестік туралы декларация	
2. Құстық тағамдық сүйегін қайта өңдеу өнімі	0506 90 000 0 0511 99 859 9	сәйкестік туралы декларация	
3. Коллагенді құс шикізатын, оның ішінде желатинді қайта өңдеу өнімдері	2106 10 200 0 2106 10 800 0 2106 90 980 8 3503 00 100 1 3503 00 100 9	сәйкестік туралы декларация	
	0207 13 100 1 0207 13 100 9 0207 14 100 1 0207 14 100 9 0207 26 100 1 0207 26 100 9 0207 27 100 1 0207 27 100 9 0207 44 100 1 0207 44 100 9 0207 45 100 1 0207 45 100 9 0207 54 100 1 0207 54 100 9 0207 55 100 1 0207 55 100 9		

4. Жартылай өңделген құс еті өнімдері және құс етінен жасалған аспаздық өнімдері (субөнімдер)	0207 60 100 1	сәйкестік туралы декларация	
	0207 60 100 9		
	1602 10 009 1		
	1602 20 100 0		
	1602 20 900 0		
	1602 31 110 0		
	1602 31 190 0		
	1602 31 800 0		
	1602 32 190 0		
	1602 32 300 0		
	1602 32 900 0		
	1602 39 210 0		
	1602 39 290 0		
	1602 39 850 0		
	1602 90 100 0		
	1602 90 990 9		
	1902 20 300 0		
	1902 20 910 0		
	1902 40 900 0		
	1905 90 300 0		
	1905 90 550 0		
	1905 90 600 0		
	1905 90 900 0		
	2106 90 980 8		
5. Құс етінен жасалған өнімдер (субөнімдер)	0210 99 390 0	сәйкестік туралы декларация	
	0210 99 710 0		
	0210 99 790 0		
	0210 99 850 0		
	0504 00 000 0		
	1602 10 009 1		
	1602 20 100 0		
	1602 20 900 0		
	1602 31 110 0		шала ысталған және шала қақталған құс етінен жасалған өнімдер (субөнімдер)
	1602 31 190 0		
	1602 31 800 0		
	1602 32 110 0		шала ысталған және шала қақталған құс етінен жасалған өнімдер (субөнімдер)
	1602 32 190 0		
	1602 32 300 0		
	1602 32 900 0		
	1602 39 210 0		шала ысталған және шала қақталған құс етінен жасалған өнімдер (субөнімдер)
	1602 39 290 0		

	1602 39 850 0 1602 90 990 9 1902 20 300 0		
6. Құс етінің шұжықтық өнімдері (субөнімдер)	1601 00 100 0 1601 00 910 1 1601 00 910 9 1601 00 990 1	сәйкестік туралы декларация	
7. Құс еті консервілері (субөнімдер)	1602 10 009 1 1602 20 100 0 1602 20 900 0	сәйкестік туралы декларация	
	1602 31 110 0		құс етінен жасалған пастерленген консервілер (субөнімдер)
	1602 31 190 0 1602 31 800 0		
	1602 32 110 0		құс етінен жасалған пастерленген консервілер (субөнімдер)
	1602 32 190 0 1602 32 300 0 1602 32 900 0		
	1602 39 210 0		құс етінен жасалған пастерленген консервілер (субөнімдер)
	1602 39 290 0 1602 39 850 0 1602 90 990 9 2104 20 009 0 2106 90 980 8		
8. Құс етінен жасалған сорпалар (субөнімдер)	2104 10 000 0	сәйкестік туралы декларация	
9. Құс етінен жасалған кептірілген өнімдер	0210 99 390 0 0210 99 790 0 0210 99 850 0 0210 99 900 0 1602 10 009 1 1602 20 100 0 1602 20 900 0 1602 31 190 0 1602 31 800 0 1602 32 190 0 1602 32 300 0 1602 32 900 0 1602 39 290 0 1602 39 850 0 1602 90 100 0 1602 90 990 9 2106 90 980 8	сәйкестік туралы декларация	

10. Құстың тағамдық	2106 90 980 8	сәйкестік туралы декларация	
құрғақ құс ақуызы	3502 11 900 0		
және одан жасалған	3502 19 900 0		
өнімдер	3504 00 900 0		

Ескертпелер:

1. Осы тізбені қолдану мақсаттары үшін өнімнің атауын да, ЕАЭО СЭҚ ТН кодын да (осы тізбенің 4-бағанында келтірілген ескертпелерді ескере отырып) пайдалану қажет.

2. Осы тізбеге дайындаушының (өндірушінің) құжаттарына сәйкес құс еті өнімі болып табылатын тауарлар ғана енгізіледі.

3. Кеден органдарына осы тізбеде көрсетілген "Құс етінің және оның қайта өңделген өнімдерінің қауіпсіздігі туралы" Кеден одағының техникалық регламентінің (ЕАЭО ТР 051/2021) талаптарына сәйкестігін бағалау туралы құжатты ұсыну туралы талап Еуразиялық экономикалық одақтың кедендік аумағында айналымға шығарылатын құс еті өнімдеріне қатысты қолданылады және төмендегілерге қатысты қолданылмайды:

а) сойылған құс өнімдеріне (оның ішінде балалар тағамы үшін және (немесе) балалар тағамына үшін құс етінен жасалған өнім өндіруге арналған);

б) құс етінен жасалған арнайы өнімдерге (оның ішінде балалар тағамына үшін құс етінен жасалған өнімдер);

в) жаңа түрдегі құс етінен жасалған өнімдерге;

г) рецептураға сәйкес сойылғандағы өнімдердің және ет өнімдерінің жинытық салмағы, сойылған құс өнімдері және олардың қайта өңделген өнімдері салмағының 50 пайызын құрайтын немесе асып түсетін тағамдық өнімдерге;

д) рецептураға сәйкес құс етіндегі ингредиенттердің мөлшері 5 пайыздан төмен болатын тағамдық өнімдерге;

е) қызмет көрсету кезінде сатуға арналған, сойылған құс өнімдерін пайдалана отырып және олардың қайта өңделген өнімдері негізінде жасалған тамақтандыру кәсіпорындарының (қоғамдық тамақтандыру) тағамдық өнімдерге;

ж) тағамдық қоспаларға және биологиялық белсенді тағамдық қоспаларға, дәрілік заттарға, сойылған құс өнімдерін пайдалана отырып және олардың қайта өңделген өнімдері негізінде жасалған, тағамдық мақсатқа арналмаған азыққа, өнімдерге.